

## ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Алматы қаласы

29 қыркүйек 2020 ж.

**Ғылыми Кеңестің төрағасы,**  
Буянский С.Г. – з.ғ.к., профессор  
**Ғылыми Кеңестің ғылыми хатшысы,**  
Салимбаева Р.А. – э.ғ.к., доцент  
**Қатысқандар:** Ғылыми кеңестің 29 мүшесінің 26-сы

### КҮН ТӘРТІБІ

1. Қабылдау комиссиясы мен 2020/2021ж. қабылдау науқаны жұмысының нәтижелері туралы (баяндамашы: «Маркетинг және қабылдау» басқармасы бастығының м.а. Д.А. Махкамбаев).
2. 2019/2020 оқу жылындағы жазғы емтихан сессиясының қорытындылары туралы: білім алушылардың үлгеріміне әсер ететін факторларды талдау (баяндамашы: Академиялық қызмет жөніндегі проректор С.Ы. Өмірзақов).
3. Қашықтан оқыту орталығының пандемия жағдайындағы жұмысы мен даму бағыттары туралы (баяндамашы: Қашықтан оқыту орталығының директоры Г.Х. Бөлекбаева).
4. 2020/2021 оқу жылында Мектептердің ғылыми студенттік қоғамдары мен ғылыми үйірмелерінің (секцияларының) жұмысын ұйымдастыру туралы (баяндамашы: ҒЗЖ бөлімінің басшысы А.С. Шенин, Мектептер декандары).
5. Әр түрлі.
  - 5.1 «Ғылыми кітапхана» ғылыми-ақпараттық орталығының 2020-2021 оқу жылына арналған Даму жоспарын бекіту туралы (баяндамашы: «Ғылыми кітапхана» ҒАО-ның директоры Ж.М.Мырзабаева).
  - 5.2 Кәсіби практика туралы Ережені бекіту жөнінде (баяндамашы: Халықаралық даму және серіктестік басқармасының бастығы Ж.О.Сағындықова).
  - 5.3 Докторант А.Ж. Байгужинованың докторлық диссертациясының тақырыбын өзгерту туралы (баяндамашы: «Докторантура» ғылыми-білім беру департаментінің директоры С.С.Арыстанбаева);
  - 5.4 «Нархоз университеті» КЕАҚ-ның Этикалық мінез-құлық кодексін бекіту туралы (баяндамашы: Қауіпсіздік басқармасының бастығы В.В.Козлов);

5.5 Оқулықтар мен оқу құралдарын жариялау бойынша ұсыныстар (баяндамашы: «Құқық және мемлекеттік басқару» мектебі деканының м.а. М.Ш.Құрманғали);

5.6 ҚР БЖБМ-нің мемлекеттік ғылыми стипендиясын тағайындауға докторанттар кандидатураларын ұсыну туралы (баяндамашы: «Докторантура» ғылыми-білім беру департаментінің директоры С.С.Арыстанбаева);

5.7 Жаратылыстану ғылымдары саласындағы үздік ғылыми зерттеу үшін Қ.И. Сәтбаев атындағы сыйлыққа PhD докторы, қауымдастырылған профессор Р.К. Әлімханованың авторлық куәлігін ұсыну туралы (баяндамашы: «Туризм және сервис» ғылыми-білім беру департаментінің директоры Е.А.Әбенова);

5.8 Э.ғ.д., профессор, Академиялық қызмет жөніндегі проректор С. Ы. Өмірзақовты Алматы қалалық «Парасат» кәсіподағының Құрмет грамотасымен марапаттау (баяндамашы: Кәсіподақ төрағасы О.Б.Тұрысжанов).

5.9 «Туризм» мамандығы бойынша XII Республикалық пәндік олимпиаданың жеңімпаз студенттерін марапаттау (баяндамашы: «Туризм және сервис» ғылыми-білім беру департаментінің директоры Е.А.Әбенова, ректор м.а. С.Г.Буянский).

## **Күн тәртібі бойынша ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ**

1. «Маркетинг және қабылдау» басқармасы бастығының м.а. Д.А. Махкамбаевтың «Қабылдау комиссиясы мен 2020/2021ж. қабылдау науқаны жұмысының нәтижелері туралы» есебі бекітілсін.

1.2 «Маркетинг және қабылдау» басқармасы бастығының м.а. Д.А. Махкамбаев:

1.2.1 Оңтүстік Шығыс Азия, Ресей, Орталық Азия өңірлерінде, оның ішінде этникалық қазақтар мен колледж түлектерін ескере отырып, бакалавриат, магистратура және докторантура білім беру бағдарламаларына білім алушыларды тарту жөніндегі науқан жоспарын **2020 жылғы 30-қазанға дейінгі мерзімде** әзірлесін.

1.2.2 Бакалавриат, магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламаларына білім алушыларды тарту бойынша рекрутингтік жұмыс **2021 жылғы 01-маусымға дейінгі мерзімде** жүргізісін.

1.2.3 Аккредиттеу және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің бастығымен бірлесе отырып, Нархоз университетінің бакалавриат түлектері қатарынан түскен магистранттардың санын талдасын және Нархоз бакалавриатының түлектерімен рекрутингтік жұмыс **2021 жылғы 01-маусым дейінгі мерзімде** жүргізісін.

1.2 Осы шешімнің орындалуын бақылау ісі Ғылыми кеңестің Төрағасына жүктелсін.

2. Академиялық қызмет жөніндегі проректор С.Ы. Өмірзақовтың «2019/2020 оқу жылындағы жазғы емтихан сессиясының қорытындылары

туралы: білім алушылардың үлгеріміне әсер ететін факторларды талдау» атты есебі бекітілсін.

**2.1** Мектептер декандары (Юан Симпсон, Д.У.Абдувалиев, Д.Д. Гимранова, М.Ш.Құрманғали):

**2.1.1. 01.12.2020 ж. дейінгі мерзімде** Мектеп кеңестерінде студенттердің академиялық үлгерімі мәселесін талқыласын, академиялық қарыздарға әсер ететін факторларды анықтасын.

**2.1.2 01.12.2020 ж. дейінгі мерзімде** білім алушыларға Университеттің академиялық саясатын түсіндіру бойынша эдвайзерлермен жұмысты ұйымдастырсын (пәндердің пререквизиттері, GPA ауысу баллы және т.б.) және өткізілген жұмыс туралы есепті Академиялық қызмет жөніндегі проректор С. Ы. Өмірзақовқа ұсынсын.

**2.2** Осы шешімнің орындалуын бақылау ісі академиялық қызмет жөніндегі проректор С.Ы. Өмірзақовқа жүктелсін.

**3.** Қашықтан оқыту орталығының директоры Г.Х. Бөлекбаеваның «Қашықтан оқыту орталығының пандемия жағдайындағы жұмысы мен даму бағыттары туралы» есебі бекітілсін.

**3.1** Мектептер декандары (Юан Симпсон, Д.У.Абдувалиев, Д.Д. Гимранова, М.Ш.Құрманғали) 2020-2021 оқу жылы жүзеге асыруға арналған MOOK курстарының тізімін **01.11.2020ж. дейінгі мерзімде** анықтасын.

**3.2** Қашықтан оқыту орталығының директоры Г.Х. Бөлекбаева:

**3.2.1** Прокторинг жүйесін енгізу ісін **15.12.2020ж. дейінгі мерзімде** жүзеге асырсын.

**3.2.2** Антиплагиат жүйесін білім беру порталына интеграциялау ісін **25.12.2020ж. дейінгі мерзімде** жүзеге асырсын.

**3.2.3** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің сұрау салуы бойынша оған ұсыну үшін қажетті әр түрлі деңгейлердегі қашықтан оқыту барысы туралы есептілік формалары өзектендірілсін.

**3.2.4** Мектептер мен ҒББД-тері ұсынған MOOK курстарының тізіміне сәйкес курстарды жазу және оларды <https://openu.kz> алаңына орналастыру бойынша жұмысты **01.04. 2021ж. дейінгі мерзімде** ұйымдастырсын.

**3.2.5** Қашықтан білім беру технологияларымен жұмыс істеу бойынша ПОҚ-ның біліктілігін арттыруға арналған курс **15.12.2020ж. дейінгі мерзімде** әзірленсін.

**3.2.5** Нархоз университетінің онлайн-курстарын сату бойынша басқа университеттер басшылығына бағытталған үндеу **15.10.2020ж. дейінгі мерзімде** дайын етілсін.

**3.3** Осы шешімнің орындалуын бақылау ісі әкімшілік мәселелер жөніндегі проректор К.А.Әменоваға жүктелсін.

**4.** «2020/2021 оқу жылында Мектептердің ғылыми студенттік қоғамдары мен ғылыми үйірмелерінің (секцияларының) жұмысын ұйымдастыру туралы» ҒЗЖ бөлімінің басшысы А.С. Шениннің ақпараты назарға алынсын.

**5.1** «Ғылыми кітапхана» ғылыми-ақпараттық орталығының 2020-2021 оқу

жылына арналған Даму жоспары бекітілсін.

**5.2** «Нархоз университеті» КЕАҚ-ның Кәсіби практика туралы ережесі бекітілсін.

**5.3** А.Ж. Байгужинова докторлығының тақырыбы өзгертілсін. Жаңа редакциядағы тақырыбы: «Кәсіпорынның экономикалық әлеуеті: бағалау және арттыру резервтері (ШҚО сүт және сүт өнімдерін шығаратын кәсіпорындардың материалдары негізінде)».

**5.4** «Нархоз университеті» КЕАҚ-ның Этикалық мінез-құлық кодексі бекітілсін, Кодекстің мәтіні ағылшын тіліне аударылсын.

Университетке қабылданған барлық қызметкерлер, профессорлық-оқытушылық құрамы Этикалық мінез-құлық кодексімен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл міндеттемесімен және «Нархоз Университеті» КЕАҚ Қызметкерлерінің мүдделер қақтығысы туралы ережесімен қол қойылып таныстырылсын.

Университетке түсетін барлық білім алушылар «Нархоз Университеті» КЕАҚ-ның Этикалық мінез-құлық кодексімен, «Нархоз Университеті» КЕАҚ-ның Академиялық адалдық және Академиялық саясат ережелерімен қол қойылып таныстырылсын.

**5.5** З.ғ.к., «Құқық» ҒББД-нің қауымдастырылған профессоры Қ.Ж. Қуандықовтың мемлекеттік тілдегі «Қазақстан Республикасындағы кедендік бақылау» атты оқу құралын қарастыру мәселесі «Нархоз университеті» КЕАҚ Оқу-әдістемелік кеңесінің мәжілісіне ауыстырылсын.

**5.6** ҚР БЖБМ-нің мемлекеттік ғылыми стипендиясын тағайындауға докторанттар Гаухар Қоблановна Кенжеғұлова, Шыңғыс Әскербекұлы Нұрғазы, Амина Алусеновна Гасанова, Наргиза Алишеровна Алиева, Айғаным Сангендиловна Кубеева және Әсел Серикжановна Бекбосыновалардың кандидатуралары ұсынылсын.

**5.7** Жаратылыстану ғылымдары саласындағы үздік ғылыми зерттеу үшін Қ.И. Сәтбаев атындағы сыйлыққа PhD докторы, қауымдастырылған профессор Р.К. Әлімханованың авторлық куәлігі ұсынылсын.

**Ғылыми Кеңестің төрағасы,  
з.ғ.к. профессор**



**С.Г. Буянский**

**Ғылыми Кеңестің ғылыми хатшысы,  
э.ғ.к., доцент**

**Р.А. Салимбаева**